



БҰЙРЫҚ

25-108

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *31.01.2024*

город Астана

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 және 9-баптарына және 2024 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобын құрамын іріктеудің бірінші отырысының хаттамасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрамы бекітілсін.

2. Жұмыс тобы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында Су ресурстары және ирригация министрлігі Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы хабарландыру орналастырсын;

2) Қоғамдық кеңес құрамын қалыптастырсын;

3) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 69 бұйрығымен бекітілген Үлгілік ереженің негізінде Қоғамдық кеңес туралы Ереженің әзірленуі және бекітілуі қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Аппарат басшысы Д.Ф. Қазантаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы



Б. Бекнияз

Қазақстан Республикасы Су
ресурстары және ирригация
министрінің міндетін
атқарушының
2024 жылғы 31.01
№ 25-НБ бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің
Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

Али-Хан
Ақметқалұлы
Медеу – жұмыс тобының басшысы, «География және су қауіпсіздігі институты» акционерлік қоғамының жобаларды басқару және цифрландыру жөніндегі бас менеджер

Жұмыс тобының мүшелері

Ғалым
Полатұлы
Құрман – Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаментінің директоры

Динара
Канатовна
Таженова – Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Заң қызмет ету департаментінің директоры

Виталий
Евгеньевич
Чернецкий – «Шығыс Қазақстан облысының орман, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі кәсіпорындарының өңірлік қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігінің президенті

Нұрлан
Ерболұлы Ондас – «Астана халықаралық ғылыми кешені» жеке меншік мекемесінің ғылыми қызметкері, Technische Universität Dresden, INOWAS зерттеу тобының зерттеушісі

Аида
Серикпаевна
Табелинова – «География және су қауіпсіздігі институты» акционерлік қоғамының жобалау және халықаралық қызмет департаментінің бас менеджері

Ирина
Анатольевна Мун – «SK Water Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жоба менеджері